# Жиырмасыншы сәуір

# Электронды үкімет



**Жаңа сөздер:**

**қолжетімді** – досягаемый,доступный
**қызмет көрсету** – обслуживать
**мемлекеттік билік** – государственная власть
**алмастыру** – заменить,обменять
**тиіс** – должен,следует
**кері байланыс** – обратная связь
**анықтама** – определение,справочник
**заңды тұлға** – юридическое лицо
**ұялы** – сотовый

«Электрондық үкімет» (e-Government) термині барлық мемлекеттік органдардың басын біріктіріп, оларға интернеттің, электронды терминалдардың немесе тіпті ұялы телефондардың көмегімен тұрғындарға қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін біртұтас жүйені білдіреді. Жеке тұлғаларға ғана емес, компания мен кәсіпкерлерге де.

Мұнда мемлекет, бизнес және азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынасты электронды үкімет ішіндегі G2C (мемлекет-азаматтар) G2B (мемлекет-бизнес) және G2G (мемлекет-мемлекет) деп аталатын негізгі модельдер атқарады.

2004 жылғы 10 қарашада электронды үкіметті ендіру туралы «Қазақстан Республикасында электрондық үкіметті қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Президент Жарлығымен бекітілді.



***Тыңдалым.***

*2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.*

***Жазылым.***

*3-тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құру.*



***Үйге тапсырма:***

*7-тапсырма 129бет.*